

«Тасты ауылының ЖОББМ» КММ
2 «А» сыныбының тәрбие жұмысы бойынша 1-ші жарты жылдық есебі.

Сынып жетекшісі: Аукирова А.Т

Сынып оқушыларының саны: 14

Оқу жылы басында: 14 оқушы

Оқу соңында : 14 оқушы

Оның ішінде: 6 ұл, 8 қыз бала бар.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Осы мақсат пен міндеттерді алға алып үш құндылықтар бойынша мынандай тәрбие жұмыстары жүргізілді:

1 қыркүйек - білім күні **«Мектеп – мейірім мекені»**, «Сәлем, жаңа оқу жылы»
Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу. Білім күнінде осы тақырыпта сынып сағаты өтті.

5-қыркүйектен бастап тіл мұғалімдері мен сынып жетекшілер өткізген іс –шаралар:
«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы» атты шара) Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында өткізілді.

«Жолда жүру ережелерін білесің бе?», Еңбек күні мерекесіне орай **«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»**, **«Қарттарым асыл қазынам»**, **«Ұстаз мектептің жүрегі»**, **«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін»**, **«Спандияр Көбеев шығармашылығы»**,

« Қазақстан туған елім, ұлы өлкем» 25 қазан Республика күніне орай өткізілді. « Ұлттық валюта Тенге», « Оян, ар мен адалдық», Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған « Саналы ұрпақ», « Бабалар салған ізімен» өнер мен құндылық жобасына байланысты, « Қазақстан біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!», « Үнемі оқитын адам табысты адам» , « Қош келдің Жаңа жыл!» атты бірнеше сынып сағаттары өз уақытымен өткізіліп отырды. Оқушылар әр сынып сағатына бар ынталарымен белсенді қатысып отырды.

Оқушыларымыздың тұрмыстық жағдайлары жақсы әр оқушының сабақ орындайтын орыны бар.

2-тоқсан бойынша білім сапасы 100% құрайды. Оқушылар арасындағы қарым-қатынас өте жақсы, сабақтардан себепсіз қалмайды. Үлкендерге және кішілерге көмек көрсетіп сыйласымдықты білдіріп жүреді. Мектепшілік мерекелерге белсенді қатысып жұмыла бірге жұмыс жасайды.

